ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СУ, ТАҒАМ ӨНІМДЕРІ, ЖЕМ-ШӨП ЖӘНЕ ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІ
Хлорорганикалық пестицидтерді хроматографиялық әдістермен анықтау

ВОДА, ПРОДУКТЫ ПИТАНИЯ, КОРМА И ТАБАЧНЫЕ ИЗДЕЛИЯ
Определение хлорорганических пестицидов хроматографическими методами

ҚР СТ 2011-2010

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СУ, ТАҒАМ ӨНІМДЕРІ, ЖЕМ-ШӨП ЖӘНЕ ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІ

Хлорорганикалық пестицидтерді хроматографиялық әдістермен анықтау

ҚР СТ 2011-2010

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстанның стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны және экологиялық қауіпсіздік саласындағы №71 «Қоршаған орта нысандары. Өнеркәсіптік қалдықтар» стандарттау жөніндегі ТК **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2010 жылғы 8 қарашасындағы №500-од бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**

3 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашасындағы №603-II «Техникалық реттеу туралы» Заңының ережелері іске асырылды және 1991 жылғы 29.07. №6129-91 «Адсорбциялық жоғары тиімді сұйықтық хроматография әдісімен қоршаған орта нысандарын және тағам өнімдерінде, биоматериалдағы олардың метаболиттерін және хлорорганикалық пестицидтерді топтық сәйкестіндіру жөніндегі әдістемелік нұсқаулар» талаптары ескерілді, Клисенко, 1 том, ЛИВ Антонов 1989ж., ГОСТ Р 52698-2006.

4 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

5 БІРІНШІ ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ 2014 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

Осы стандартқа енгізілген өзгертулер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгертулер мәтіні - «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандартты қайта қараған (жойған) немесе ауыстырған жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолдану саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Өлшеулерді орындауға арналған талаптар	3
4 Жұқа қабатты хроматография әдісі	3
5 Адсорбциялық жоғары тиімділікті сұйықтық хроматографиясының әдісі	13
6 Газ сұйықтықты хроматография әдісімен құрама жемде және құрама жем шикізаттарында ХОП анықтау	16
7 Өлшеулер нәтижелерінің сапасын бақылау	25
А қосымшасы (міндетті)	26

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

СУ, АЗЫҚ - ТҮЛІК ӨНІМДЕРІ, ЖЕМ ЖӘНЕ ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІ

Хлорорганикалық пестицидтерді хроматографиялық әдістермен анықтау

Енгізілген күні 2012-01-01

1 Қолдану саласы

Осы стандарт хлорорганикалық пестицидтерді (ары қарай ХОП) анықтау әдістерін белгілейді: ДДТ - 4,4'-дихлордифенилтрихлорэтан және оның метаболиттер: ДДД - 4,4'-дихлордифенилдихлорэтан және ДДЭ - 4,4'-дихлордифенилдихлорэтилен; ГХЦГ және оның изомерлері: линдан- гамма-изомер гексахлорциклогексан, альфа - гексахлорциклогексан изомерлері, гексахлорциклогексан бета-изомерлері, гексахлорбензол, гептахлор, кельтан және жұқа қабатты альдрин, жоғары тиімді сұйықтықты және газды сұйықтықты хроматография.

Осы стандарт суға, азық - түлік өнімдеріне, жемшөпте және темекі өнімдеріне қолданылады.

«Жемшөптердің және жемшөпті қоспалардың қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламентіне, «Халыққа арналған ауыз су қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламентіне, «Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламентіне, «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігіне талаптар», «Тағам өнімдеріне санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» техникалық регламенттеріне белгіленген бақыланатын көрсеткішке техникалық талаптар.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2009 жылғы 16.01. №14 «Өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2009 жылғы 16.01. №16 «Нысандарды қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2008 жылғы 11.03. №230 «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2008 жылғы 18 наурыздағы №263 «Жемшөптердің және жемшөпті қоспалардың қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2008 жылғы 8.04. №336 «Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2008 жылғы 13.05.№456 «Халыққа арналған ауыз судың қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламенті.

ҚР СТ 1.9-2007 Қазақстан Республикасында стандарттау жөніндегі халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттарды және нормативтік құжаттарды қолдану тәртібі

Ресми басылым

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшеу бірліктерінің жүйесі. Өлшеу құралдарының типін бекіту және сынау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 ҚР МӨЖ. Өлшеу құралдарын метрологиялық аттестациясын жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.4-2007 ҚР МӨЖ. Өлшеу құралдарын түгендеу. Ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшеу бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестациялау тәртібі.

ГОСТ 12.1.019-79 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар және қорғау түрлерінің номенклатурасы.

ГОСТ 1277-75 Реактивтер. Азотты қышқылды күміс. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770-74 Зертханалық шыны өлшеуіш ыдыс. Цилиндрлер, мензуркалар, колбалар, түтіктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 2603-79 Ацетон. Техникалық шарттар.

ГОСТ 3760-79.Реактивтер. Сулы аммиак. Техникалық шарттар.

ГОСТ 3956-76 Техникалық силикагель. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4204-77 Реактивтер. Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4166-76 Реактивтер. Күкірт қышқылды натрий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4201-79 Реактивтер. Көмірқышқылды қышқыл натрий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4220-75 Реактивтер. Екі хромды қышқылды калий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4233-77 Реактивтер. Хлорлы натрий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5962-67 Ректификатталған этил спирті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6709-72 – Тазартылған су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9147-80 Зертханалық фарфор ыдыс және жабдық. Техникалық шарттар.

ГОСТ 9293-74 Газ тәрізді және сұйық азот. Техникалық шарттар.

ГОСТ 10929-76 Реактивтер. Пероксид сутегі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12026-76 Зертханалық сүзгілеу қағазы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 20015-88 Хлороформалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 21400-75 Химиялық зертханалық шынылар. Техникалық шарттар. Сынау әдістері.

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 25336-82 Зертханалық шыны ыдыс және жабдық. Типтер, негізгі параметрлер және өлшемдер

ГОСТ 25706-83 Лупалар. Типтер, негізгі параметрлер. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 29227-91 Зертханалық шыны ыдыс. Мөлшерлегіш тамызғыштар. 1-бөлім. Жалпы талаптар.

ГОСТ ИСО 5725-1-2003. Әдістердің және өлшеу нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстылығы және дәл нәзіктігі). 1-бөлім. Негізгі ережелер және анықтамалар.

ГОСТ ИСО 5725-2-2003. Әдістердің және өлшеу нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстылығы және дәл нәзіктігі). 2-бөлім. Стандартты өлшеу әдісінің қайталанушылығын және жаңғыртушылығын анықтаудың негізгі әдісі.

ГОСТ ИСО 5725-6-2003* Әдістердің және өлшеу нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстылығы және дәл нәзіктігі). 6-бөлім. Тәжірибеде дәлдік мәндерін қолдану.

ГОСТ Р 51419-99* Жемшөптер, құрама шөптер, құрама шөп шикізаттары. Сыналатын сынамаларды дайындау.

---

* ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады.

«Тағам өнімдеріне санитарлық-эпидемиологиялық талаптары» ҚР ДМ 2010 жылғы 06.08 №611 бұйрығы.

ЕСКЕРТПЕ: Осы стандартты пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жай-күйі бойынша жыл сайын шығатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар сілтемесі» атты ақпараттық сілтемелер және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын шығатын ақпараттық сілтемелер бойынша сілтемелік стандарттар қолданысын тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ережелер осы сілтемеге қатыссыз бөлімде қолданылады.

3 Өлшеулерді орындауға арналған талаптар

3.1 Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу шарттары

3.1.1 Талдауларды практикалық орындауға осы стандартпен танысқан және зертханада жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өткен (нұсқаулық журналында белгілеумен) мамандар жіберіледі.

3.1.2 Электр қондырғылармен жұмыс кезінде ГОСТ 12.1.019 бойынша электр қауіпсіздігі.

3.1.3 Зертхана үй-жайы «Өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» техникалық регламенті бойынша өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келуі тиіс және «Нысандарды қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне талаптар» техникалық регламентіне сәйкес өрт сөндіру құралдары болуы тиіс.

3.2 Мамандардың біліктілігіне талаптар

Өлшеуді қолданылатын жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықты оқып-білген және зертханалық жұмыстардың техникасын білетін маман жүргізе алады.

3.3 Өлшеулерді орындау шарттары

- қоршаған ауа температурасы (20 ± 10) °С;
- 84 кПа-дан 106,7 кПа дейін атмосфералық қысым;
- салыстырмалы ылғалдық (65 ± 15) %.

3.4 Органикалық еріткіштермен, улы заттармен, құнарланған қышқылдармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.

4 Жұқа қабатты хроматография әдісі

4.1 Әдістің маңыздылығы

Әдіс сығындыларды тазартудан және зерттелетін үлгілерден оларды сығындалудан кейін әр түрлі қозғалмалы еріткіштер жүйелерінің жұқа қабындағы хлорлы пестицидтердің хроматографиясына негізделген.

4.2 Әдістің метрологиялық сипаттамасы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Метрологиялық сипаттама

Талданатын сынама	Табу шектігі, мг/дм^3 немесе мг/кг	Қосарлас анықтамалардың саны, n	Стандартты ауытқу, S %	Салыстырмалы ауытқу,Sr %	n=5 және a=0,95 кезіндегі сенімді интервал,%
Су	0,005	7	10	10,7	93,0 ± 7,7
Шарап	0,005	7	12	13,3	90,0 ± 9,0
Көкөністер	0,050	7	12	14,4	83,0 ± 9,0
Жемістер	0,050	6	9	11,1	81,0 ± 7,4
Астық	0,050	7	10	13,3	75,0 ± 7,5
Шөп	0,025	10	12	16,2	74,0 ± 7,6
Сүт	0,040	13	16	18,6	86,0 ± 8,9
Сары май	0,050	8	17	20,0	83,0 ± 12,0
Балық	0,050	10	12	14,1	83,0 ± 7,6
Ет	0,050	10	15	17,2	87,0 ± 9,5
Мал майы	0,040	6	12	14,6	82,0 ± 9,9
Қант	0,020	6	5	5,1	97,0 ± 4,13

0,005 мг/кг-нан 2,0 мг/кг дейін немесе мг/дм^3 анықталған шоғырланулар диапазоны.

4.3 Аппаратура, материалдар және реактивтер

4.3.1 Аппаратура және материалдар

- ГОСТ 24104 бойынша а± 0,0001 г шақтамалы абсолютті қателігінің аса шектігі бар дәлдіктегі арнайы аналитикалық таразылар;
- ГОСТ 24104 бойынша а± 0,01 г шақтамалы абсолютті қателігінің аса шектігі бар дәлдіктегі арнайы аналитикалық таразылар;
- қолданыстағы нормативті құжаттамалар бойынша ротациялық буландырғыш;
- қолданыстағы құжаттама бойынша сілкуге арналған аппарат;
- УФС-254 хроматографиялық сәулелендіргіш немесе ПРК-4 сынапты-кварцтық лампа;
- ГОСТ 25336 бойынша К-1-250-29/32 айдау колбалары;
- ГОСТ 25336 бойынша Гр-25-14/23 колбалары;
- ГОСТ 1770 бойынша 2-50-2; 2-100-2; 2-500-2 өлшеуіш колбалар;
- ГОСТ 25336 бойынша В-56-80 ХС құйғыш;
- ГОСТ 25336 бойынша Кн-1-250-29/32 конустық колба;
- ГОСТ 1770 бойынша 1-50, 1-100 өлшеуіш цилиндрлер;
- ГОСТ 25336 бойынша 10 см^3 сыйымдылықты тығыз жабылған тығындары бар түтіктер;
- 500, 1000 см^3№ сыйымдылықты тығыз жабылған қақпағымен шыны банкалар;
- ГОСТ 25336 бойынша ВД-100-29/32, ВД-250-29/32 бөлгіш құйғыштар
- ГОСТ 25336 бойынша В-1-50 стакан;
- ГОСТ 29227 бойынша 1-2-2-5, 1-2-2-10 тамызғыштары;
- ГОСТ 21400 бойынша химиялық-зертханалық шыныдан жасалынған таяқша;
- ГОСТ 12026 бойынша зертханалық сүзгілеу қағазы немесе қағаз сүзгілері;
- қолданыстағы нормативтік құжаттамалар бойынша хроматографиялық тілімдер;
- хроматографиялауға арналған камера: тегістелген қақпақпен жабылатын, жазық түпті ыдыс және ГОСТ 25336 бойынша эксикатор камера;
- шыны пульверизатор;

- құрамында майы бар өнімдерден алынған сығындыларды тазартуға арналған шыны хроматографиялық бағана: тар бөлігі - ұзындығы (50 ± 2) см, диаметр (1,7 ± 0,3) см, кең бөлігі - ұзындығы (1,5 ± 2) см, диаметр (2,5 ± 0,2) см.

4.3.2 Реактивтер

- ГОСТ 4204 бойынша күкірт қышқылы, х.т., 1,84 г/см^{3}тығыздығымен;
- дефлегматормен айдалған және кристалды күйдіргіш калиймен кептірілген, тазартылған сумен жуылған, құнарланған күкірт қышқылымен тазартылған, т., гексан;
-ГОСТ 2603 бойынша ацетон, х.т., айдалған;
- ГОСТ 3760 бойынша сулы аммиак, т.ү.т.;
- ГОСТ 5962 бойынша техникалық ректификатталған этил спирті;
- ГОСТ 20015 бойынша айдалған хлороформалар, х.т.;
- қолданыстағы нормативті құжаттамалар бойынша диэтилді эфир;
- ГОСТ 10929 бойынша пероксид сутегі, 30 %-дық ерітінді;
- ГОСТ 4166 бойынша сусыз натрий сульфаты, т.;
- ГОСТ 4201 бойынша көмірқышқылды қышқыл натрий, т.ү.т.;
- қолданыстағы нормативті құжаттамалар бойынша қымыздықты қышқылды калий;
- ГОСТ 4233 бойынша хлорлы натрий, х.т.;
- қолданыстағы нормативті құжаттамалар бойынша төрт хлорлы көміртек;
- ГОСТ 1277 бойынша азотты қышқылды күміс, х.т.;
- ГОСТ 3956 бойынша 0,30 мм елеуіш арқылы еленген және ұсақталған АСК таңбалы силикагель;
- ГОСТ 6709 бойынша тазартылған су;
- кез келген таңбадағы белсендірілген көмір;
- pH анықтауға арналған әмбебап индикаторлы қағаз;
- хлорорганикалық пестицидтер құрамындағы стандартты мемлекеттік үлгілер (МСҮ): ДДТ, ДДД, ДДЭ, ГХЦГ кем дегенде 90 % негізгі заты бар кепілдендірілген жиілік заттары;
- хлорорганикалық пестицидтер ерітінділер құрамының аттестацияланған қоспалары: ДДТ, ДДД, ДДЭ, ГХЦГ.

1-ЕСКЕРТПЕ Ұқсас метрологиялық сипаттамалары бар немесе жоғары реактивтер, өлшеуіш ыдыстар, аппаратураны қолдану жіберіледі.

2-ЕСКЕРТПЕ ҚР СТ 2.21 сәйкес типтерді бекіту немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестациялау, ҚР СТ 2.4 сәйкес өлшеу құралдарын түгендеу мақсатында сынауға жататын қолданылатын өлшеу құралдары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшеу бірліктерін қамтамасыз ету реестріне енгізуге сынақ жабдығы ҚР СТ 2.75 сәйкес аттестациялауға жатады.

4.4 Сынақтарға дайындық

4.4.1 АСК таңбалы силикагельді тазарту

Стаканға силикагельді салады, гексанмен құяды, араластырады, гександы төгіп тастайды. Жууды үш рет қайталайды. Жуылған силикагельді 2 сағат ішінде 180 °С температура кезінде теседі. Тығыз жабылған шыны банкада сақтайды.

4.4.2 Мақтаны тазарту

Конустық колбаға мақтаны қояды, гексанмен құяды, 15 минут ұстайды. Операцияны екі рет қайталайды. Тазартылған мақтаны тарту күші астында ауада кептіреді. Жабық шыны баркада сақтайды.

4.4.3 Майлардан тазартуға арналған хроматографиялық бағаналарды дайындау

Бағананың төменгі бөлігіне тазартылған мақтаның кішкентай кесегін орналастырады, (26,0 ± 0,5) см биіктікте АСК силикагелін салады, бағана бойына ағаш таяқпен ұрғылай отырып тығыздайды. Содан кейін 4:1 (масса бойынша) қатынасында

күкірт қышқылымен сіңірілген силикагельді 3 см орналастырады, ары қарай (1,0 ± 0,5) см қабатпен сусыз натрий сульфатын себеді. Бағана арқылы 30 $см^3$ гександы өткізеді және резеңке грушамен сығады. Бағаналардың тиімділігін берілген шоғырланумен хлорорганикалық пестицидтер 5 $см^3$ қоспасын енгізе отырып, тексереді (0,1 мг -ден 0,2 мкг дейінгі шектікте). Ерітіндіні бағанаға сіңіру мүмкіндігін береді, содан кейін секундына бір тамшысын жылдамдығымен 50 $см^3$ гексан пестицидтерді аластайды.

4.4.4 Шроттардың (липидтармен байытылмаған), күнжаралардың және қауыздардың сынамаларынан сығындыларды тазартуға арналған хроматографиялық бағана.

Хроматографиялық бағананы шыны мақтамен 1 см биіктікте толтырады, содан кейін бағанаға 2,5 см қабатта електелген алюминий (А) тотығын немесе 3,5 см қабатта кремний тотығын енгізеді, әрі қарай қабаттың биіктігі (Б) 2,5 см, күкірт қышқылымен сіңірілген алюминий (кремний) тотығының түйірлерін таптап тегістемей-ақ себеді. Әр қабат жүйелі түрде гексанмен (барлығы 30 $см^3$) жуады. Липидтармен байытылған күнжараларды және шроттарды талдау үшін алюминий тотығының қабаттарын тиісінше 5 см-ге (А) және 3 см-ге (Б) дейін көбейткен жөн, ал кремний тотығының қолданған кезде 6 см-ге (А) және 3 см-ге (Б) дейін көбейткен жөн.

4.4.5 Айқындалған реактивтерді дайындау

1-еріткіш. 0,5 г азотты қышқылды күмісті 5 $см^3$ тазартылған сумен ерітеді, 7 $см^3$ аммиакты қосады және көлемді ацетонмен 100 $см^3$ дейін жеткізеді. Еріткішті тоңазытқышта 3 күн ішінде сақтайды.

2-еріткіш. 0,25 г азотты қышқыл күмісті 100 $см^3$ сыйымдылықтағы өлшеуіш колбада орналастырады, 2,5 $см^3$ тазартылған суды, 5 $см^3$ 2-феноксиэтанолды құяды, ацетонмен белгіге дейін жеткізеді және 30 %-дық сутегі пероксиді еріткішінің 3 тамшысын қосады.

4.4.6 Хроматографиялық камераны дайындау

Хроматографиялық камераға хроматографиялау басталғанға дейін 30 минут бұрын оны бумен қанықтыру үшін қозғалтқыш еріткіштердің қоспаларын құяды. Камерадағы қозғалтқыш еріткіштің көлемі түп деңгейінен 0,5 см артық емес биіктікте болуы тиіс.

4.4.7 100 мкг/$см^3$ массалық шоғырлануы бар пестицидтердің негізгі еріткіштерді дайындау

Кез келген пестицидтің негізгі еріткішін дайындау үшін нұсқауға және паспортқа сәйкес мемлекеттік стандартты үлгіні қолданады.

Негізгі еріткіштерді тығыз жабылған тығыны бар колбаларда 6 ай ішінде тоңазытқышта сақтайды.

4.4.8 «Силуфол» тілімдерін хроматографтау үшін дайындау

- хроматографияға арналған «Силуфол UV-254» тілімдер қолданар алдында о-толидинмен үлдірлейді. Бұл үшін әр тілімді хроматографиялауға арналған камераға құйылған 0,1 пайыздық ацетонды о-толидин еріткішіне батырады. Тілім жоғарғы шетіне дейін еріткіш шебі көтерілгеннен кейін тура күн сәулесінен қаша отырып, оны алады және ауада кептіреді, тілім қолдануға дайын. О-толидинмен үлдірленген тілімдер эксикаторда сақтайды.

- тілімдерді қолданар алдында жуады. Бұл үшін хроматографиялық камераға 5 мм-ден 7 мм-ге дейінгі биіктікте ацетон-аммиак (1:1) еріткіштер жүйесін құяды және тілімдерді тік күйінде орналастырады. Тілімнің жоғарғысына дейін 10 мм жетпей қозғалтқыш еріткіш шебінің сызығы көтерілгеннен кейін оны алады, ауада кептіреді, содан кейін 15 минуттан 30 минутқа дейін 110 °С температурасында кептіргіш шкафта белсендіреді. Қолданар алдында тілімдердің тік жағынан еріткіш шебін теңестіруге қабілетті 3 мм қабатты алып тастайды.

4.5 Сынамаларды іріктеу

Нақты өнімге арналған нормативтік құжаттамаға сәйкес сынамаларды іріктеу және оларды сынаққа дайындау.

4.6 Сынақтарды жүргізу

4.6.1 Шайғындау

4.6.1.1 Судан және шараптан алынған сығындыны тазарту және шайғындау

200 $см^3$ сынаманы бөлгіш құйғышқа жайғастырады және гексанмен немесе 30 $см^3$ бойынша үш үлесті эфирмен немесе 50 $см^3$ үш үлесті диэтилді эфирмен 3 минут ішінде сілки отырып, пестицидтерді шайғындайды. Біріккен сығындыларға 10 сусыз күкірт қышқылды натрийді себеді немесе 2/3 күкірт қышқылды натриймен толтырылған құйғыш арқылы сүзеді. Сығындыларды еріткіштерді айдауға арналған құралға ауыстырады және еріткіштерді 0,2 $см^3$ -ден 0,3 $см^3$ дейін айдайды. Қажет жағдайда сығындыны күкірт қышқылымен тазартады.

4.6.1.2 Көкөністен және жемістен алынған сығындыны тазарту және сығындалу

20 г уатылған сынаманы тығыз жабылатын тығыны бар колбаға салады және 30 $см^3$ бойынша үлестері бар эфирмен немесе гексанмен сілкуге арналған аппаратта 15 минут ішінде үш рет пестицидтерді шайғындау жүргізіледі. Біріккен сығындыларды күкірт қышқылды натриймен кептіреді, еріткіштерді айдауға арналған құралға ауыстырады, 0,2 $см^3$ -ден 0,3 $см^3$ дейін еріткіштерді айдайды және тілімге жағады.

4.6.1.3 Дәннен және саңырауқұлақтан алынған сығындыны тазарту және шайғындау

Уатылған сынамалардан 20 г дәнді, 50 шикі немесе 10 г құрғақ саңырауқұлақтарды іріктейді және тығыз жабылатын тығыны бар колбаға орналастырады. Пестицидтерді шайғындауды 30 $см^3$ үлесі бар эфирмен немесе гексанмен сілкуге арналған құралда үш рет жүргізеді. Біріккен сығындыларды бөлгіш құйғышқа ауыстырады, күкірт қышқылындағы сусыз күкірт қышқылды натрийдің 10 $см^3$ қаныққан ерітіндісін қосады және бірнеше рет ақырын сілкиді. Органикалық қабатты алып тастайды және қышқыл түссіз болғанға дейін өңдеуді қайталайды. Сығындыны тазартылған сумен жуады, сусыз күкірт қышқылды натриймен кептіреді және еріткішпен айдайды.

4.6.1.4 Алмалардан, қырыққабаттан, шөптен, пішеннен алынған сығындыны тазарту және шайғындау

20 г ұсақталған алма, 20 г қырыққабат, 40 г шөп және 20 г пішен сынамаларын тығыз жабылатын тығыны бар колбаларда 100 $см^3$ ацетонды үстемелеп құяды. 3 минут сілкиді, 20 $см^3$ тазартылған суды қосады және мұзда 30 минут салқындатады. Сығындыны құйып алады және салқын түрде сүзеді, шайғындауды қайталайды. Біріккен сулы-ацетонды сығындылардан ацетонды айдайды, ал сулы қалдықтан 10 минут ішінде 10 $см^3$ үш үлесті гексанмен препараттарды шайғындайды. Гександы сығындыларды сусыз күкірт қышқылды натриймен қаныққан күкірт қышқылымен тазартады. Сусыз күкірт қышқылды натриймен кептіреді. Еріткішті шамалы көлемге дейін айдайды және тілімге қояды.

Егер тазарту толық емес болса (еріткішті булағаннан кейін колбада ақ өңез қалады), сығындыны құрғағанша булайды, қалдықты 0,2 $см^3$ үлесімен 3 рет салқын ацетонмен жуады және тілімге қояды.

4.6.1.5 Құрама шөптен алынған сығындыны тазарту және шайғындау

Зерттеу үшін 40 г өлшендісін алады, оны колбада 60 $см^3$ тазартылған сумен ылғалдандырады. Ылғалдандырылған өлшендіні колбада жабық тығынмен түнге қалдырады. Пестицидтерді шайғындау 2 сағат ішінде сілку кезінде гексанның және ацетонның (1:1) қоспасының 50 $см^3$ -ден 100 $см^3$ дейін екі рет жүргізеді. Сығындыларды бөлгіш құйғышта 500 $см^3$ біріктіреді, 50 $см^3$ тазартылған суды екі рет қосады және қабаттарды бөлгеннен кейін төменгі су қабатты басқа бөлгіш құйғышқа құяды және 40 $см^3$ гексан пестицидтерін шайғындайды. Су қабатын құйып алады. Гександы сығындыларды біріктіреді, 2/3 сусыз күкірт қышқылды натриймен толтырылған қағаз сүзгісі бар құйғыш арқылы сүзеді. Сығындыларды 20 $см^3$ -ден 30 $см^3$ дейінгі көлемге дейін немес құрғағанша, содан кейін құрғақ қалдықты 20 $см^3$ -ден 30 $см^3$ дейін гексан немесе эфирде еріте отырып

ротациялық буландырғышта булайды. Сығындыны бөлгіш құйғышқа ауыстырады және жоғарыда сипатталғандай күкірт қышқылымен тазарту жүргізіледі.

4.6.1.6 Шроттан, қауыздан, күнжарадан алынған сығындыны тазалау және шайғындау

Липидтармен байытылған шрот өлшендісін (15 г), липидтармен байытылмаған шрот өлшендісін және қауіз өлшендісін (20 г) тең бөлікке бөледі және тығыз жабылатын тығынымен 100 $см^3$ -ден 250 $см^3$ дейінгі сыйымдылықтағы колбаға қояды, гексанмен құяды (шроттың салмақтық бір бөлігіне гексанның үш көлемі), 30 мин сілкуге арналған құралда сілкиді. Сығындыны құйғышқа шөгіндіні жібермей, Бюхнер құйғышы арқылы сүзеді. Колбаға гексанның көрсетілген мөлшерін қайтадан құяды, 30 минут сілкиді, сүзеді, 30 $см^3$ гексанның көмегімен (10 $см^3$ үш рет) Бюхнер құйғышына шөгіндінің мөлшерлеп ауыстырады. Алынған сығындыны ротациялық буландырғышта 30 $см^3$ дейін немесе 40 °С жоғары емес температура кезінде ауа тогында булайды, қалдықты екі тең бөлікке бөледі және тоңазытқыштың мұздатқыш камерасына 1 сағатқа (кем дегенде) қояды. Әр бөлікті күкірт қышқылымен сіңірілген алюминий немесе кремний тотықтары бар жеке бағаналар арқылы өткізеді, гександы этил эфирінің салқындатылған қоспасы (15:85) 50 $см^3$ бағананы және колбаны 2 $см^3$/мин жылдамдықта жуады. Осы операцияны келесі күнге қалдырмай үзіліссіз жүргізу қажет.

Тазартылған сығындыларды біріктіреді және 1 $см^3$ көлемге дейін булайды. Колбадағы қалдықты резеңке грушаның көмегімен 1 $см^3$ түтікке шағын тамызғышпен мөлшерлі ауыстырады, колбаны және шағын тамызғышты гексанның шамалы мөлшерімен (барлығы 0,3 $см^3$ -ден 0,5 $см^3$ дейін), оны сол түтікке құя отырып, 2 немесе 3 рет жуады. Содан кейін әбден құрғағанша 50 °С температура кезінде су моншасында түтіктегі гександы булайды (соңғы көлем 3 тамшы). Егер шайғындаудың және жуатын сұйықтықтың жалпы көлемі 1 $см^3$ асса, онда алдымен оған жуатын сұйықтықты ақырындап қоса отырып, сығындыны булайды. Буланған сығындыда ақ май тәрізді шөгінді болған кезде түтікке 5 тамшы гександы қосады және оны 15 минуттан 20 минутқа дейін тоңазытқыштың мұздатқыш камерасына қояды, содан кейін гексанның осындай мөлшерімен екі рет қалқытады және қайтадан 3 тамшы соңғы көлемге дейін булайды.

Зерттелетін үлгілермен қосарлас екі модельді сығындыны дайындайды. Әр сығындыны құрамында пестициді жоқ (зерттелетін үлгідегі құрғақ заттың және пестицидтің қатынасы) 1 г шроттан алады. Сығындылардың бірінен тазарту алдында бағанаға шағын шприцпен (шағын тамызғышпен) 3 мкг мөлшерде, 0,75 басқасында анықталған пестицидтерді енгізеді. Буланған зерттелген және модельді сығындылар шағын шприцтің немесе шағын тамызғыштардың көмегімен гексанның шамалы көлемімен түтікті үш рет жуа отырып, тілімге мөлшерлі қояды.

4.6.1.7 Балықтан, еттен және ет өнімдерінен алынған сығындыны тазалау және шайғындау

Етті және ет өнімдерін ет тартқыштан өткізеді. Балықты қабығынан тазартады, ішкі органдарын және оларды еттартқыштан өткізеді 20 сынаманы сусыз күкірт қышқылды натриймен араластырады және тығыз жабылатын тығыны бар колбаға орналастырады. Сілку кезінде 1,5 сағат ішінде 50 $см^3$ үлестерімен 1:1 қатынасында эфир және ацетон немесе гексан және ацетон қоспаларымен екі рет пестицидтерді шайғындайды. Сығындыны 2/2 сусыз күкірт қышқылды натриймен толтырылған қағаз сүзгісі бар құйғыш арқылы сүзгілейді, содан кейін еріткіш айдайды, құрғақ қалдық 20 $см^3$ гександа ерітеді және АСК силикагелі бар бағанаға енгізеді. Сығындыны сіңіргішке сіңіргеннен кейін пестицидті 110 $см^3$ бензол қоспасын 25 $см^3$ -ден 30 $см^3$ дейін қатынасында гексанмен аластайды. Элюатты 250 $см^3$ -ден 300 $см^3$ дейінгі сыйымдылықтағы тілімтасы бар дөңгелек түпті колбаға жинайды. Еріткіштің соңғы үлесі сіңірілгеннен кейін 10 минуттан соң сіңіргішті грушаның көмегімен сығады. Элюатты 0,1 $см^3$ көлемге дейін

айдайды және хроматографиялық тілімге қояды.

Егер ет немесе балық сынамалары майдың үлкен мөлшері бар болса, бірінші экстрагенттің булануынан кейін (ацетонның гексанмен қоспасы) және гександағы құрғақ қалдықтың еруін күкірт қышқылды гександы сығындысын тазартуын жүргізген жөн, содан кейін жоғарыда сипатталғандай бағаналы тазартуды жүргізеді.

4.6.1.8 Мал майынан, жұмыртқадан, жұмыртқа ұнтағынан алынған сығындыны тазарту және шайғындау

Мал майын еттартқышта ұсақтайды, жұмыртқа ұнтағын мұқият араластырады, жұмыртқаның сарыуызды ақуызды бөледі, сарыуызды және ақуызды өлшейді, ал талдау үшін тек сарыуызды алады. Жұмыртқадағы хлорорганикалық пестицидтердің мөлшерінің соңғы есебі барлық жұмыртқада келтіреді. Сарыуыздарды мұқият араластырады, дайындалған үлгіден 25 г сынаманы 50 $см^3$ ацетонмен құяды, еріткіштің қайнағанға дейін ыстық су моншасында араластырады және қыздырады. Колбаны салқындатады, оған 10 $см^3$ салқындатылған 2 %-дық күкірт қышқылды натрий ерітіндісін қосады, араластырады және мұзды моншада 45 минут салқындатады. Содан кейін майсызданған мақта қабаты арқылы дөңгелек түпті колбаға ацетонды қабатты құйып алады. Ацетонды сығындыны келесі майды қатыру арқылы тағы да 2 рет қайталайды.

Біріккен сығындылардан ротациялық буландырғышта немесе еріткіштерді айдауға арналған құралда ацетонды айдайды (монша температурасы (70 ± 2) °С артық емес) және 20, 10 және 10 $см^3$ үлеспен үш рет сығындайды. Бірінші шайғындаудың ұзақтығы 1 сағат, келесілері 15 минут. Эфирді бөлгіш құйғышқа 40 $см^3$ 2 %-дық күкірт қышқылды натрийдің су ерітіндісімен ауыстырады, ішіндегісін 2 минут ішінде араластырады, қабаттарға бөлінуге береді және су фазасына лақтырылады. Қабаттардың бөлінісін жақсарту үшін қаныққан күкірт қышқылды натрий ерітіндісінің бірнеше миллилитрін қосуға болады.

Сығынды жуу операциясын тағы да 2 рет қайталайды, содан кейін эфирді 20 г сусыз күкіртті қышқылды натрийі бар стаканға құйып алады, 5 $см^3$ эфирде бөлгіш құйғышты екі рет шаяды. Кептірілген сығынды мөлшерлі өлшеуіш цилиндрге 50 $см^3$ –ге ауыстырады және ерітінді көлемін 30 $см^3$ дейін эфирмен жеткізеді.

Ары қарай жоғарыда көрсетілгендей АСК силикагелі бар бағанаға 30 $см^3$ сығынды қояды. Шошқа майының сынамасы үшін 75 $см^3$ АСК силикагелін себеді, басқа қалған сынамалар үшін 70 $см^3$ себеді. Сығындыларды тазартуды ет сынамасы үшін сипатталғандай жүргізеді. Элюатты дөңгелек түпті колбаға 150 $см^3$-ге жинайды, еріткішті бірнеше тамшының көлеміне дейін булайды және хроматографиялық тілімге қояды.

4.6.1.9 Балдан алынған сығындыны тазарту және шайғындау

30 бал сынамасын 3 г сусыз күкірт қышқылды натриймен араластырады және әр сайын 15 минуттан балды шыны таяқшамен тар химиялық стаканда мұқият жаға отырып, үш рет 30 $см^3$ үлесті гексанмен пестицидтерді шайғындайды. Сығындыларды біріктіреді және 30 $см^3$ көлемге дейін немесе шамалы көлемге дейін гександы айдайды, ары қарай гексанмен 30 $см^3$ дейін сығындыға жеткізеді. 30 $см^3$ сығындыны АСК силикагелі бар хроматографиялық бағанаға енгізеді және жоғарыда сипатталғандай еріткіштің булануын және сығындыны тазартуды жүргізеді.

4.6.1.10 Қанттан алынған сығындыны тазарту және шайғындау

Суда алдын ала ерітілген 50 г қанттың өлшендісін пестицидтер 250 $см^3$ гексанмен бөлгіш құйғышта шайғындайды. Пестицидтерді шайғындауды әр сайын 5 минуттан сілке отырып, 50, 25 және 25 $см^3$ еріткішпен үш рет жүргізеді. Біріккен гександы сығындылар коэкстрактивті заттардан күкіртқышылды тәсілмен тазартылады (бояғыш, аминді қышқылдар, липидтер).

4.6.1.11 Сүттен және сүт өнімдерінен алынған сығындыны тазалау және шайғындау

Сынамаларды дайындау үшін төменде келтірілген тәсілдердің бірін қолдануға

болады.

4.6.1.11.1 Бірінші тәсіл

Ол кілегеймен, қаймақпен, сүтпен және басқа сүт өнімдерімен жұмыс үшін қолданылады. Талдау үшін тазартылған судың тең көлемімен ажыратылатын 20 г кілегейді және қаймақты алады, 50 $см^3$ сүтке, айранға 30 $см^3$ -ден 40 $см^3$ дейін құнарландырылған күкірт қышқылын сынаманың толық қарайғанға дейін қосады. 10 °С -тан 15 °С дейін салқындатылған ерітіндіні бөлгіш құйғышқа ауыстырады және 25 $см^3$ –ден үлесімен 2 рет гексанмен препараттарды шайғындайды. Толық алып тастау үшін құйғышты 2 минут сілкиді, содан кейін оны 30 минутқа қабаттардың толық бөлінісіне дейін қалдырады. Егер эмульсия түзілсе, 1 $см^3$ -ден 2 $см^3$ дейін этил спиртін қосады. Біріккен сығындыларға және бөлгіш құйғышқа қаныққан күкірт натриймен, 10 $см^3$ құнарланған күкірт қышқылын қосады және бірнеше рет ақырын сілкиді. Тазартуды түссіз күкірт қышқылын алғанға дейін жалғастырады.

Сүзбені және ірімшікті талдау кезінде 50 г сүзбе немесе 10 г үккіште үгітілген ірімшік 40 $см^3$ гексанмен және эфирмен құйылады, 2 минуттан 3 минутқа дейін үздіксіз сілкиді және 30 минутқа қалдырады. Шайғындауды қайталайды. Біріккен сығындыларды бөлгіш құйғышта жоғарыда көрсетілгендей күкірт қышқылында тазартады.

4.6.1.11.2 Екінші тәсіл

Оны сүтті, айранды, қатықты, қымызды және басқа сүт өнімдерін талдау үшін қолданады. 25 $см^3$ өнім сынамасын 300 $см^3$ бөлгіш құйғышқа орналастырады, 5 $см^3$ 5 % қымыздық қышқылды калийді және қаныққан хлорлы натрийді құяды, 100 $см^3$ ацетонды құяды, 2 минут сілкиді. 100 $см^3$ хлороформаны құяды және 2 минут сілкиді. Құйғышты қабаттардың толық бөлінгенге дейін қалдырады. Жоғарғы фазаны лақтырып тастайды, ал төменгіні тілімтасы бар дөңгелек түпті колбаға құяды және еріткішті құрғағанша булайды. Қалдықты 30 $см^3$ гександа шаяды.

4.6.1.12 Қойытылған сүттен, 10 және 20 пайыздық кілегейден алынған сығындыны тазарту және шайғындау

10 г өнімге 10 $см^3$ қаныққан хлорлы натрий ерітіндісін құяды, 150 $см^3$н сыйымдылықтағы бөлгіш құйғышқа құяды. Қоспаға 40 $см^3$ ацетонды құяды, 2 минут сілкиді, 60 $см^3$ хлороформаны құяды, 2 минуттан 3 минутқа дейін сілкиді және фазалар бөлінгенге дейін қалдырады. Ары қарай сүттегі пестицидтерді анықтау кезіндегідей жасайды.

4.6.1.13 Қойытылған сүт өнімдерінен алынған сығындыны тазарту және шайғындау

10 г өнімінің өлшендісін кіші стаканға қояды, 45 °С -тан 50 °С дейінгі температурадағы 10 $см^3$ суды құяды, араластырады және 150 $см^3$ бөлгіш құйғышқа ауыстырады, 5 $см^3$ қымыздық қышқылды калийді қосады. Құйғыш ішіндегісін араластырады, 80 $см^3$ ацетонды құяды және 2 минуттан 3 минутқа дейін сілкиді. 100 $см^3$ хлороформаны құяды, 5 минуттан 7 минутқа дейін сілкиді. Төменгі фазаны дөңгелек түпті колбаға құяды, еріткішті айдайды, ал қалдықты 30 $см^3$ гександа шаяды. Фазаларды бөлгеннен кейін төменгі фазаны дөңгелек түпті колбаға құяды, еріткішті айдайды, ал қалдықты 30 $см^3$ эфирде шаяды.

4.6.1.14 Құрғақ сүт өнімдерінен алынған сығындыларды тазарту және шайғындау

3 г құрғақ сүт өнімдерінің өлшендісін (2 г кілегей) кішкене стаканға себеді, 40 °С –тан 45 °С дейін температурасы бар 15 $см^3$ тазартылған суды құяды, араластырады және 300 $см^3$ сыйымдылықтағы бөлгіш құйғышқа ауыстырады, 5 $см^3$ қымыздықты қышқылды калийді және қаныққан хлорлы натрий ерітіндісін құяды. Құйғыш ішіндегісін араластырады, 80 $см^3$ ацетонды қосады және 3 минуттан 5 минутқа дейін сілкиді, 100 $см^3$ хлороформаны құяды, 5 минут сілкиді және 3 минуттан 5 минутқа дейін қалдырады (фазалардың бөлінісіне дейін). Төменгі фазаны дөңгелек түпті колбаға құяды, еріткішті айдайды, ал қалдықты 30 $см^3$ гександа шаяды.

4.6.1.15 Қаймақтан, 30 және 40 пайыздық кілегейден алынған сығындыны тазарту және шайғындау

5 г өнім өлшендісін кішкене стаканға өлшейді, 10 $см^3$ қаныққан хлорлы натрий ерітіндісін құяды және 150 $см^3$ сыйымдылықтағы бөлгіш құйғышқа ауыстырады. Кішкене стаканды 40 $см^3$ ацетонмен жуады, шайындыны 2 минуттан 3 минутқа дейін сілкитін бөлгіш құйғышқа ауыстырады, 70 $см^3$ хлороформаны қосады және 2 минут сілкиді. Құйғышты фазалар бөлінгенге дейін бірнеше минутқа қалдырады, төменгі фазаны еріткіштерді айдауға арналған колбаға құяды, еріткіштерді айдайды, ал қалдықты 30 $см^3$ гексанмен шаяды.

4.6.1.16 Сүзбеден және ірімшіктен алынған сығындыны тазарту және шайғындау

10 сүзбе өлшендісін немесе үккіште ұсақталған ірімшікті 10 $см^3$ қаныққан хлорлы натрий ерітіндісімен үгітеді және 250 $см^3$-ден 300 $см^3$ дейін бөлгіш құйғышқа ауыстырады. 80 $см^3$ ацетонды қосады, 2 минут сілкиді, 100 $см^3$ хлороформаны құяды және қайтадан сілкиді.

Төменгі фазаны 30 $см^3$ гександағы қалдықты ерітіп, еріткіштерді айдағаннан кейін талдау үшін қолданылады.

Ары қарай екінші тәсіл бойынша дайындалған сүт майынан сүт және сүт өнімдерінен алынған сығындыларды тазартуды жүргізеді. Бұл үшін 30 $см^3$ сығындыны 70 $см^3$ АСК силикагелі бар бағанаға енгізеді. Сығындыны сіңіргеннен кейін сіңіргішке пестицидті 25 $см^3$ -ден 30 $см^3$110 $см^3$ дейін үлесі бар (3:8) гександы бензол қоспаларын аластайды. Элюат 250 $см^3$ -ден 300 $см^3$ дейін дөңгелек түпті колбада жинайды. Еріткіштің соңғы үлесінің сіңірілуінен кейін 10 минуттан соң сіңіргішті резеңке грушаның көмегімен сығады. Тазартудан кейін еріткіштерді вакум астында айдайды.

4.6.1.17 Сары майдан алынған сығындыны тазарту және шайғындау

20 г сары май дөңгелек түпті колбада су моншасында ерітіледі, 50 $см^3$ ацетонды қосады, май ерігенге дейін мұқият араластырылады, 10 $см^3$ мұзды тазартылған суды қосады және май қатты болғанға дейін мұзда 30 минут салқындатады. Ацетонды сығындыны төгіп тастайды және процедураны тағы да 2 рет қайталайды. Біріккен сығындылардан дөңгелек түпті колбада су моншасында ацетонды айдайды. Пестицидтерді қалған су сығындысынан гексанның 10 $см^3$ бойынша үш үлесімен 5 минут ішінде шайғындайды. Біріккен гександы сығындыны бөлгіш құйғышта күкірт қышқылды натрийі бар күкірт қышқылымен өңдейді. Тазартылған сығындыны сусыз күкірт қышқылды натриймен құрғатады және булайды.

4.6.1.18 Темекіден және темекі өнімдерінен алынған сығындыны тазарту және шайғындау

5 г темекі өлшендісін 500 $см^3$ шыны стаканға салады, 50 $см^3$ құнарланған күкірт қышқылын құяды және шыны таяқшамен сынаманы толық біркелкі шала күйдіргенге дейін мұқият араластырады. 10 минуттан 15 минутқа дейін өткен соң колбаға 25 $см^3$ гександы қосады, ішіндегісін мұқият араластырады және 25 $см^3$ төрт хлорлы көміртекті қосады. Сынамадағы пестицидтерді шайғындау 15 минут ішінде үш рет жүргізеді, содан кейін сығынды жүйелі түрде күкірт қышқылымен бір рет немесе екі рет қосымша тазарту үшін бөлгіш құйғышқа ауыстырады.

4.7 Хроматографтау

Хроматографиялық тілімге шетінен 1,5 см қашықтықта шприцпен немесе шағын тамызғышпен дақ диаметрі 1 см аспауы үшін төменгі шеттен 1 см қашықтықта болатын старт сызығына бір нүктеге зерттелетін сынаманы қояды. Қалпақшадағы сығынды қалдығын бірінші дақ ортасына жағатын 0,2 $см^3$ диэтилді эфирдің үш үлесімен шаяды. Сынамадан оң жақтан және сол жақтан 2 см қашықтықта зерттелетін препараттардың 10,5 және 1 мкг құрайтын стандартты үлгілерді қояды (немесе анықталғанға жақын басқа

шоғырланулар). Содан кейін тілімдерді ауада кептіреді.

Жағылған ерітінділері бар тілімдерді қозғалтқыш еріткішпен хроматографтау үшін камераға орналастырады. Қозғалтқыш еріткіш есебінде силикагель немесе алюминий тотықтарының жұқа қабаты бар тілімдерін қолдану кезінде көлемі гександа 0,3 төмен Rf препараттар үшін ацетонмен гексан қоспасы (6:1) немесе гександы қолданылады.

«Силуфол» тілімдерін қолдану кезінде қозғалтқыш еріткіш – 1 пайыздық гександағы ацетон еріткіші, ал о-толидонмен үлдірленген, «Силуфол» тілімдерінде – диэтилді эфирмен гексан (49:1). Жағылған еріткіштері бар тілімшелердің шеті 0,5 см артық емес қозғалтқыш еріткішіне батырылуы мүмкін.

«Сорбфил» тілімдерін қолдану кезінде ацетонитрил-су (2:1) қозғалтқыш еріткіштер жүйесі қолданылады.

Еріткіштер шебі 10 см-ге көтерілгеннен кейін тілімді камерадан алады және еріткішті булау үшін бірнеше минутқа қалдырады. Ары қарай тілімді айқындалған реактивпен суландырады және 10 минуттан 15 минутқа дейін ультракүлгін сәулесінің әрекетіне ұшырайды. Тілімдерді сәуле көзінен 20 см қашықтықта орналастырған жөн. Тілімде хлорорганикалық пестицидтердің болуы кезінде қара сұр түсті дақ айқындалады.

О-толидинмен үлдірленген «Силуфол» тілімдерін талдау үшін қолдану кезінде оларды тікелей хроматографиялағаннан кейін бірнеше минут ішінде ультракүлгін сәулемен сәулелендіруге ұшырайды. Хлорорганикалық пестицидтердің болуы кезінде мұндай жағдайда көкшіл түсті дақтар айқындалады.

Тиісті R_f мәндері бойынша қандай пестицидтер өнімде бар екендігін анықтайды.

Пестицидтердің Rf көлемдері 2-кестеде келтірілген.

2-кесте - Rf пестицидтерінің көлемдері

Пестицид атауы	Қозғалмалы еріткіш	Rf көлемі	
		«Силуфол»	«Сорбфил»
Гексахлорбензол	Гексан		0,90
γ - ГХЦГ (линдан)	Гексан-ацетон (6:1)	0,23	-
	Ацетонитрил-су (2:1)	-	0,30
	Гексан	0,15	-
α – ГХЦГ	Гексан	0,20	-
	Гексан-ацетон (6:1)	0,30	-
	1 % гександағы ацетон еріткішіне	0,24	-
β - ГХЦГ	Гексан-ацетон (6:1)	0,73	-
Альдрин	Гексан-ацетон (6:1)	0,70	-
	Ацетонитрил-су (2:1)	0,82	0,80
	Гексан	-	-
4,4 - ДДЭ	Гексан-ацетон (6:1)	0,61	-
	Ацетонитрил-су (2:1)	-	0,70
	Гексан	0,45	-
4,4 - ДДТ	Гексан-ацетон (6:1)	0,78	-
	Ацетонитрил-су (2:1)	-	0,85
	Гексан	0,67	-
Кельтан	Гексан-ацетон (6:1)	0,15	-
	Ацетонитрил-су (2:1)	-	0,21
	Гексан	0,05	-
Гептахлор	Гексан-ацетон (6:1)	0,57	-
	Ацетонитрил-су (2:1)	-	0,73
	Гексан	0,45	-
ДДД	Гексан-ацетон (6:1)	0,32	-
	Гексан	0,16	
Гексахлорбензол	Гексан		-

4.8 Нәтижелерді өңдеу

4.8.1 Пестицидтердің мөлшерін өлшеу сығындының дағына бояу қарқындылығы бойынша аса жақын стандартты үлгі дағының алаңы және сыналатын сығындының дағы алаңын салыстыру жолымен жүргізеді. Дақтар алаңын сызғыштың көмегімен өлшейді. Х пестицидтердің мөлшері, мг/кг, мына формула бойынша есептелінеді:

$$X = \frac{mS_1V_1}{m_1S_2V_2}, \quad (1)$$

мұндағы m – 1 $см^3$ стандартты үлгідегі пестицид массасы, мкг;

m_1 – зерттелетін сынама өлшендісінің массасы, г;

S_1 – сыналатын сығындыны жағу кезінде алынған дақтың алаңы, $мм^2$;

S_2 – стандартты үлгіні жағу кезінде алынған дақ алаңы, $мм^2$;

V_1 – құрғақ қалдық қайтадан ерітілген сығынды көлемі, $см^3$;

V_2 – тілімге қойылған зерттелетін сығынды көлемі, $см^3$.

Барлық $V_1 = V_2$ сынамаларды қою кезінде

4.8.2 Есептеулерді бірінші ондық белгіге дейін жүргізеді. Соңғы нәтижені тұтас санға дейін дөңгелектейді.

4.8.3 Сынақтың соңғы нәтижесі үшін екі қосарлас анықтамалардың ($\overline{X}$) орташа арифметикалық нәтижелерін қабылдайды, Р =0,95 сенімді ықтималдылығы кезіндегі аралық айырмасы 1-кестеде көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.

5 Адсорбциялық жоғары тиімділікті сұйықтық хроматографиясының әдісі (әрі қарай ЖТСХ)

5.1 Әдістің маңыздылығы

Әдіс спектрофотометриялық детекторлау кезінде адсорбциялық ЖТСХ көмегімен хлорорганикалық пестицидтердің жекелеген топтарын жүйелі сәйкестендіруіне, сығындылардың шоғырлануына және тазартуға, әр түрлі субстраттардан шыққан олардың метаболиттерін және хлорорганикалық пестицидтерді шығармауға негізделген.

5.2 Әдістің метрологиялық сипаттамасы

Адсорбциялық ЖТСХ әдісімен хлорорганикалық пестицидтерді және олардың метаболиттерін талдау параметрлері 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте – Хлорорганикалық қосылыстарда және олардың метаболиттерін талдаудың ЖТСХ параметрлері

Сәйкестендірілген қосылыс	V ұстау, мкл	Хроматографиялық аймақтар, мкл	Толқынның максималды ұзындығы, нм
ХБ (хлорбензолдар тобы)	160	160-180	220
2-ХФ (хлорфенолдар тобы)	375	230-530	220, 280
Альдрин	270	180-300	280
4,4 - ДДЭ	190	190-260	250
4,4 - ДДТ	240	190-260	240
Кельтан	180	180-300	280
Гептахлор	295	180-300	280
ЕСКЕРТПЕ ДДТ үшін және оның сынамадағы 0,1-2,0 мкг басқа ХОП үшін туынды 0,05-0,5 және 0,05 – 0,5, табу шектігі.			

5.3 Әдістің іріктеушілігі

ХОП және олардың метаболиттерінің топтық сәйкестендіру әдісі азот-, фосфорорганикалық пестицидтер және басқа органикалық қоспаларының қатысуымен іріктелген.

5.4 Аппаратура, материалдар және реактивтер

5.4.1 Аппаратура және материалдар

- қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша «Милихром» шағын бағаналы сұйықтық типіндегі хроматограф;
- «Силасорб-600» 5 мкм сорбенті бар стандартты металл (50 мм х 2 мм) бағана;
- ГОСТ 24104 бойынша ± 0,0001 г шақтамалы абсолютті қателігінің аса көп шектігі бар дәлдіктің аналитикалық арнайы класының таразылары;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша ротациялық буландырғыш;
-ГОСТ 25706 бойынша металл сызғыш;
-ГОСТ 25336 бойынша конустық құйғыштар;
- ГОСТ 25336 бойынша 100 $см^3$ тілімтасы бар дөңгелек түпті колбалар;
- ГОСТ 25336 бойынша 100 $см^3$ тегістелген тығыны бар жалпақ түпті колбалар;
- ГОСТ 1770 бойынша 1 $см^3$ өлшеуіш тамызғыштар;
- ГОСТ 1770 бойынша 10 $см^3$ өлшеуіш түтіктер;
- ГОСТ 1770 бойынша 50 және 100 $см^3$ өлшеуіш цилиндрдер.

5.4.2 Реактивтер

- қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша ацетон, о.с.ч.;
- қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша н-гексан, т.;
- ГОСТ 4166 бойынша сусыз натрий сульфаты, т.;
- ГОСТ 4204 бойынша күкірт қышқылы, т.ұ.т.;
- «көк таспа» сүзгілері;
- ХОП және 100 мкг/$см^3$ бойынша жеке компоненттерінің шоғырлануы бар н-гександағы олардың метаболиттерінің көп компонентті қоспасының мемлекеттік стандартты үлгісі

5.5 Сынамаларды іріктеу

Нақты өнімге нормативтік құжаттамаға сәйкес сынамаларды іріктеу және оларды талдау дайындау.

5.6 Сынақтарға дайындық

5.6.1 Хроматографиялық жүйелерді дайындау

5.6.1.1 Аластаушыларды дайындау

Аластаушы қоспа – 6:1 қатынасындағы көлемде н-гексан-ацетонды сынаманы талдауды жүргізу күніне дайындайды: 100 $см^3$ сыйымдылықтағы цилиндрмен тегістелген тығыны бар жазық түпті колбаға құйылатын 90 $см^3$ н-гександы өлшейді, мұнда 15 $см^3$ ацетонды құяды, колбаны тығынмен жабады және оның ішіндегісін жеңіл шайқай отырып, араластырады. Содан кейін аластаушы қоспаны аластаушыға арналған ыдыста тесілген натрий сульфаты бар қатпарлы сүзгі арқылы сүзеді.

5.6.1.2 Сынақты өткізуге хроматографты дайындау

Хроматографиялық талдауға құралды дайындауды сорғышты жуудан және жаңа дайындалған аластаушымен толтырудан бастайды, содан кейін құралдың хроматографиялық жүйесін жууға және қолданылатын аластаушымен салыстыру кюветін толтыруға кіріседі. Детектордың біркелкі нөлдік сигналын орнатқаннан және минимумға дейін шуылды азайтқаннан кейін ХОП және олардың метаболиттерінің топтық сәйкестендіру талдауын жүргізеді.

5.7 Талдауды жүргізу

5.7.1 Сынамаларды дайындау 4.6.1 т. сәйкес жүргізіледі. Сығындының қалған шамалы көлемі өлшеуіш түтікке ауыстырылады және құрғағанша булайды. Сынаманың құрғақ қалдығын аластаушының 0,2 $см^3$ дейін ерітеді (н-гексанның ацетонмен қоспасы 6:1) және ХОП және олардың метаболиттерінің жекелеген топтарының сәйкестендіруін және хроматографиялық бөлінісін жүргізеді.

5.7.2 ХОП және олардың метаболиттерінің жекелеген топтарының хроматографиялық бөлініс және сәйкестендіруі

ХОП және олардың метаболиттерінің тотық сәйкестендіруі және бөлінісі мынадай хроматографиялау шарттары кезінде іске асырылады:

- қозғалмайтын фаза - «Силасорб-600», 5 мкм;
- қозғалатын фаза - гексан-ацетон 6:1 көлемдік қатынаста;
- аластаушы ағынның жылдамдығы 200 мкл/мин;
- 3,2 А сезімталдық диапазоны астындағы 1,6 мкл ағынды ұяшығы бар ауыспалы-толқынды спектрофотометр;
- шығу сигналының өлшеу уақыты 0,6 с;
- диаграмдық таспаның созылу жылдамдығы 720 мм/сағ;
- сәулелік ағынның жұту толқынының ұзындығы (λ) қосылыстардың сәйкестендірілген тобымен анықталады.

Хлорорганикалық қосылыстардың жекелеген топтарының өкілдерін ұстаудың жақын көлемі ($V_{уд}$) және тиісті толқын ұзындығының жиыны әр түрлі топтарға арналған сипатты хроматографиялау аймағын шектеуден шығаруға мүмкіндік береді, бұл тиісті қосылыс топтарының стандартты қоспасының хроматографиялау аймақтарымен салыстыру кезінде сынаманың қиын пестицидті қоспасында оларды сәйкестендіруді қамтамасыз етеді.

5.7.3 Сынаманың белгісіз құрамының көп компонентті қоспасында ХОП жекелеген топтарының сәйкестендіру үлгілері.

1-ҮЛГІ. 20 мкл аластаушыда 0,2 $см^3$ сынама шоғырланған ерітіндісін хроматографиялық бағанасына енгізеді, бұрын сипатталған режимде 280 нм кезінде талдау жүргізеді.

Осы толқын ұзындығы кезінде зерттелетін қосылыстардан максималды кейбіріне жақын сәйкестендірілуі мүмкін:

1 – хлорбензолдар тобы (160 мкл –ден 180 мкл дейін ұстау уақыты):

2 – хлорфенолдар тобы (230 мкл-дан 530 мкл дейін ұстау уақыты);

3 – ХОП –альдрин, ГХПК, ГПХ, ГПХЭ және кейбір басқа әр түрлі кластардың өкілдерінің қосылыстарының тобы (180 мкл-ден 300 мкл дейін ұстау уақыты).

4,4'-ДДТ және оның туындыларының сәйкестендіруі 230 нм кезінде қайтадан хроматографтауда жетеді. Осы топтардың қосылыстарын ұстау көлемі 235 мкл-ден 260 мкл дейінгі шектікте, ал ұстау уақыты 4,4-ДДЭ -190мкл болады. 4,4-ДДГ және оның туындыларының топтарын сәйкестендіру шарттары кезінде сынамадағы басқа класты ХОП (альдрин және басқа)болатын топтарға кедергі келтірмейді, сондай-ақ осы толқын ұзындығында детекторленген хлорбензолдар тобының жақын ұстау көлемі бар (230; 250 мкл) өкілдері кедергі келтірмейді (3-ХФ; 3,4 –ДХФ; 2,3,5.6-ТеХФ). Даулы хроматографиялық сигналдардың соңғы сәйкестендірілуі қосылыстардың жазылған спектрлерін алып тастаумен және қажетті толқын ұзындығын таңдаумен іске асырылады (3-кестені қарау).

2-ҮЛГІ. Соңғы ерітіндінің аликвотты бөлігі аластаушыдағы зерттелетін сынама хроматографқа енгізіледі және 230 нм кезінде белгісіз құрамда ХОП қоспасын бөлу жүргізіледі. Бұл жағдайларда тіркелген шығу сигналдары мынадай қосылыс топтарын сәйкестендіруге мүмкіндік береді: хлорбензолдар (160 мкл-дан 180 мкл дейін ұстау

уақыты); 4.4'-ДДТ және оның туындылары (235 мкл-ден 260 мкл дейін ұстау уақыты; 4,4-ДДЭ 190 мкл ұстау уақыты). Алайда соңғыларын сәйкестендіру хлорфенолдардың сынамаларында болуы қиындауы мүмкін (3-, 3,4- және 2,3,5,6-хлорфенолдар ұстау көлемінің ДДТ топтарының компоненттерімен жақындығы бар). Сондықтан соңғы сәйкестендіруді хлорфенолды қосылыстар максималды көрсетілгенге жақын, 220 нм кезінде сынамасына қайталама хроматографиялаудан кейін іске асырады. Сәйкестендіру сенімділігі 10 нм немесе 2 нм дискреттігімен тиісті шығу сигналында хроматографиялау процесін тоқтату кезінде жазылған жұту спектрін алып тастаумен көтерілуі мүмкін.

3-ҮЛГІ. Аластаушы сынамасының соңғы ерітіндісінің аликвотты бөлігін 280 нм кезінде режимнен жоғары сипатталғандй хроматографиялайды. Қосылыстардың үш тобының сәйкестендіру мүмкін жағдайда: ДДТ және оның туындыларынан басқа хлорбензолдар, хлорфенолдар және әр түрлі кластардағы ХОП (альдрин және т.б). хроматографиялық аймақта хлорфенолды қосылыстардың қатарын (275 мкл-дан 305 мкл дейін ұстау көлемі) және басқа кластың хлорорганикалық пестицидтер өкілдерін салу осы қосылыстардың дұрыс сәйкестендіруін жасауға мүмкіндік бермейді, сондықтан талдауды 310 нм кезінде қайталайды. Мұндай жағдайда ДДТ және оның хлорфенолдардың туынды және негізгі бөлігі (2,4.6-ТеХФ, 2,3.4,6-ТеХФ және 2,3,4,5,6,-ПХВ басқа) тіркелмейді.

Екі соңғы қосылыстарды ұстау көлемі ХОП (370 мкл және 530 мкл) хроматографиялық аймақпен сәйкес келмейді, бұл олардың сәйкестендіруге әсерін жояды. 2,4,6-ТХФ кедергілерін 220 нм және 300 нм екі максималды толқыны бар 2,46 –ТХФ жазылған спектрін жаза отырып немесе осы қосылыстың сигналы тіркелмеген жағдайда сынаманың қайталама талдауы кезінде 260 нм спектрофотометрге қайта қосумен жоюға болады.

Хроматографиялық бөлініс және сәйкестендіру бойынша операция санын жүргізу кезінде өткізілетін зерттеулердің міндеттеріне сәйкес шектелуі мүмкін.

5.8 Сынақ нәтижелерін өңдеу

ХОП топтарының және олардың метаболиттерінің сәйкестендірілген сапалы құрамы қосылыстардың сәйкестендірілген топтарының көп компонентті стандартты қоспасында және сынаманың белгісіз құрамының қоспасында хроматографиялық аймақтары жолымен анықталады. Жеке топтардың болуынан шыға отырып, талданатын сынаманың хлорорганикалық пестицидтер қоспасының топтық құрамын белгілегеннен кейін олардың метаболиттеріне жеке топтарының жеке компоненттерін ары қарай мөлшерлі өлшеу үшін аса тиімді әдісті (ТСХ, ГЖХ, ЖТСХ) таңдайды.

6 Газ сұйықтықты хроматография әдісімен құрама жемде және құрама жем шикізаттарында ХОП анықтау

6.1 Әдістің маңыздылығы

